

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

### № 1 хаттамасы

02 қыркүйек 2025 жыл

#### Қатысқандар:

- Білім беру ұйымы директоры Е.Қ.Сейіт
- Кеңес төрайымы: ардагер ұстаз Молдахметова Г.А.
- Білім беру ұйымы директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Н.Арыстан
- Ардагер ұстаз: Кожағалиева Б.З.
- Кәсіподақ комитетінің төрайымы: Пірімбетова М.О.
- Қамқорлық кеңесі төрайымы: Сеитова Б.Г.

#### Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту: (Молдахметова Г.А.)
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті (Пірімбетова М.О.)
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті: (Н.Н.Арыстан)

#### Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Молдахметова Г.А. сөз алды:

Қайырлы күн, бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар!

Сіздерді педагогикалық этика және Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес – білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарына, осы Қағидаларға және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады. Кеңес қызметінде объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету;
- педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау;

– педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғаларға немесе білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы, егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады және қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар Кеңестің міндетіне педагогтердің тәртіптік істерін қарау да кіреді. Тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша Кеңес мынадай шешімдердің бірін қабылдай алады:

– білім беру ұйымының басшысына педагогке тәртіптік жаза қолдану немесе қолданбау туралы ұсыныс енгізу;

– тәртіптік істі тоқтату.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Пірімбетова М.О. сөз алды:**

Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау барысында сыртқы келбетіне ерекше назар аударуы қажет. Әр оқушыға жол сілтеп, бойына жақсы қасиеттер дарытатын тұлға – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, мұғалім оқушыларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен және өзін-өзі ұстау әдебімен де үлгі бола білуі тиіс.

Оқушылар мұғалімнің тек біліміне ғана емес, оның мәдениеті мен келбетіне де назар аударады. Сондықтан түстерді үйлесімді қолдану маңызды. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстерге ақ, қара, ақ сары, қошқыл көк және қоңыр түстер жатады. Өте ашық түстер білім беру саласында ерсі көрінуі мүмкін.

Мұғалімнің шаш үлгісі жинақы әрі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын айқындап, кемшілігін жасыра білетін адамдар айналасындағыларға өзіне сенімді, табысты тұлға ретінде қабылданады.

Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен және ішкі мәдениетімен шәкірттерге үлгі болуы тиіс. Үйлесім сақталмаған жағдайда, ұқыпсыз шаш үлгісі немесе орынсыз киім жалпы бейнені бұзуы мүмкін.

Сөз соңында жас мамандарға сыныпқа бөгде адам кірген жағдайда орнынан тұрып сәлемдесу, мектеп ішінде әрдайым сыпайылық пен жылы қарым-қатынас таныту қажеттігі айтылды.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Н.Н. Арыстан сөз алды:**


ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді

Кеңес шешімі:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Мұғалімнің педагогикалық әдебін сақтауда мұғалімнің құқықтық сауаттылығын артыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.
3. Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Молдахметова Г.А.

Жақсылық Б.Б.